**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 21-ө өкімі .

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының жауапты орталық мемлекеттік органдары, жергілікті атқарушы органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және тізбеде белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі тоқсан қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтасын және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кештірмей Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2019 жылғы 14 ақпандағы
№ 21 өкімімен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындалуына жауапты | Орын-дау мерзімі | Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мемле-кеттік орган | | әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 121 қаулысының күші жойылды деп тану туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2019 жылғы ақпан | С. М. Жұманғарин |
| 2. | "Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер аумағы шегінде республикалық және облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, сондай-ақ аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақыны есептеу және төлеу қағидаларын, сондай-ақ оның мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 қазандағы № 1055 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2019 жылғы ақпан | С. М. Жұманғарин |
| 3. | "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2019 жылғы ақпан | С. М. Жұманғарин |
| 4. | "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | АКМ | 2019 жылғы ақпан | Н. Ө. Мәуберлинова |
| 5. | "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы | ИИДМ | 2019 жылғы ақпан | Р. В. Скляр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Үкіметінің қаулысы | | | |
| 6. | Жерлеудің және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ | 2019 жылғы наурыз | А. Н. Жұмағұлов |
| 7. | Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ, ІІМ | 2019 жылғы наурыз | С. М. Жұманғарин |
| 8. | Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ | 2019 жылғы наурыз | С. М. Жұманғарин |
| 9. | Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын және оны есептеу әдістемесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің бұйрығы | АКМ | 2019 жылғы наурыз | Н. Ө. Мәуберлинова |
| 10. | Міндетті теле-, радиоарналарда әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және орналастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің бұйрығы | АКМ | 2019 жылғы наурыз | Н. Ө. Мәуберлинова |
| 11. | Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ, ІІМ | 2019 жылғы наурыз | Р. В. Скляр |
| 12. | Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ, ІІМ | 2019 жылғы наурыз | Қ. А. Өскенбаев |
| | Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына | Қазақстан Республикасы | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13. | тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парағын бекіту туралы | Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ | 2019 жылғы наурыз | С. М. Жұманғарин |
| 14. | "Төлемақы төлеушілер, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, рұқсат құжаттарының бар (жоқ) екендігі туралы мәліметтің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 403 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы | Қаржымині | 2019 жылғы наурыз | Қ. Е. Баеділов |
| 15. | "Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 455 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 39 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы | АКМ, ҰЭМ | 2019 жылғы наурыз | Н. Ө. Мәуберлинова, С. М. Жұманғарин |
| 16. | Жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы | облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының шешімдері | облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ЖАО | 2019 жылғы наурыз | |
| 17. | Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру туралы қағидалар мен шарттарын бекіту туралы | облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының шешімдері | облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ЖАО, ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері, ҰЭМ | 2019 жылғы наурыз | |
| 18. | "Астана қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың тәртібі мен шарттары туралы қағида туралы" Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 340/48-V шешімінің күші жойылды деп тану туралы | Астана қаласы маслихатының шешімі | астананың ЖАО | 2019 жылғы наурыз | |
| 19. | "Алматы қаласының аумағын көріктендіру Ережесін бекіту туралы" IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 | | ЖАО | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылғы 12 желтоқсандағы № 45 шешіміне өзгерістер енгізу туралы | Алматы қаласы маслихатының шешімі | | 2019 жылғы наурыз | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы орган;

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК